

2010 жылдың 4 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және Халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 30 қыркүйектегі N 327-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 30 қыркүйектегі Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 6514 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010 жылғы 29 желтоқсандағы № 435-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2010.12.29 № 435-ө (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) Бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т у і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

«Кедейлік шегін анықтау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағын орындау үшін **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2010 жылдың 4 тоқсанына арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 проценті мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «2010 жылғы 3 тоқсанға арналған кедейшілік шегін анықтау туралы» 2010 жылғы 30 маусымдағы № 233-ө бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 6318 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының 2010 жылғы № 10 актілер жинағында жарияланған) күші ж о й ы л ғ а н д е п т а н ы л с ы н .

3. Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қызметтер департаменті (Қ.А. М а н а б а е в а) о с ы б ұ й р ы қ т ы :

1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді және ресми жариялауды;

2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ә.Б. Нүсіповаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді және 2010 жылдың 1 қазанынан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Г. Әбдіқалықова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК